

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

«Мойынты-Қызылжар теміржол желісінің құрылысы» техникалық-экономикалық негіздемесіне ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдалым.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Қаражал қаласы әкімінің аппараты» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Мойынты-Қызылжар теміржол желісінің құрылысы» техникалық-экономикалық негіздемесіне ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі **«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Мойынты - Қызылжар темір жол учаскесі Қарағанды облысының Шет ауданында және Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында орналасқан.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Қарағанды облысының Шет ауданында және Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданы (келісімшарттық аумақ осы ауданның жерінде әкімшілік орналасқан).

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: "Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ; Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6, БСН: 130541020013, Телефон: +77029899921. kissikova_a@railways.kz, Басшысы: АЛДЫБЕРГЕНОВ ТАЛГАТ САГИЕВИЧ.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. "Poligram" ЖШС, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Жәнібек Хан к-сі, 30, БСН 060940002732.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық отырысының күні (күндері) мен уақыты):

Күні: 17.11.2025 ж. 16:00.

Тіркеу уақыты: 17.11.2025 ж. 15:45 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 17.11.2025 ж. 16:00 мин.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 17.11.2025 ж. 17:20 мин.

Өткізу орны: Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Абай көшесі, 10-үй. мәдени-демалыс орталығының ғимараты.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференц байланыс арқылы) өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматында қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы келесі сілтемеге өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvfPG.1>

Жеке конференция нөмірі: 984 078 7984

Кіру коды: 123456

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Шығыс нөмірі: 25040762001, Күні: 07/10/2025ж. **Қосымша-1.**

Шығыс нөмірі: 25040762001, Күні: 08/10/2025ж. **Қосымша-2.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы **Хаттаманың №3** қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=28901>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=kk> «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ. Жарияланған күні: 08.10.2025 ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Жезказганский вестник» Ұлытау облысының ақпараттық-талдау газеті 17.10.2025ж. № 74 (712) Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** қоса берілген.

16.10.2025ж. «ULUTAU» телеарнасы эфиріне шыққан, (Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына телеарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы эфирлік анықтама қоса берілген). Эфирлік анықтама 16.10.2025 ж. №176 **4-қосымшада** қоса берілген.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Абай көшесі, 10-үй. мәдени-демалыс орталығының ғимараты мекенжайы** бойынша екі тілде бір дана хабарландыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қосымша 5.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы болып бірауыздан «Poligram» ЖШС-нің өкілі: Ермекұлы А. сайланды.

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 33 (29 жеке, 4 онлайн) адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 33 (29 жеке, 4 онлайн) адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: Кисманова А. «Poligram» ЖШС-өкілі.

Баяндаманың тақырыбы: «Мойынты-Қызылжар теміржол желісінің құрылысы» техникалық-экономикалық негіздемесіне ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) 21 бетті презентация. **Қосымша 6.**

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	<p>Қоғамдық кеңесінің мүшесі – Сулейменов С:</p> <p>- Су ресурстары туралы айта кетейін. Теміржол бойында дамбадан су алынған еді. Бұдан бұрын өткен қоғамдық тыңдалымда ұңғыма бұрғылау мәселесі қозғалған болатын. Сметалық құжаттамада бар емес пе? Қай жерде дайын су болса, сол жерден алып отыр. Қазіргі таңда, Қаражалдағы шахтаның платинасынан су алынып жатыр. Екінші сұрақ: осыдан 5 км жерде Майтөбе деген жеріміз бар. Сол төбенің жартысы алынып тасталған. Майтөбенің етегінде бұрын бір горизонт алынған карьер бар. «Ландшафтты бұзбаймыз» деп отырсыздар, бірақ оның жартысы алынып кеткен. Бұл – бүкіл халықтың игілігіндегі жер. Үшінші сұрақ: Шалқияның маңында скотомогильник бар. Сол скотомогильниктен 1,5 км жерде дайын карьер тұр. Сол дайын карьерді пайдаланбай, басқа, скотомогильниктің іргесінен жаңа карьер ашылған. Жолдың дәл жиегінен ашылған. Теміржолдан 2–3 км қашықтықта карьер ашсаңыздар дұрыс болар еді. Қазір 25–50 метр жерден карьер қазылып, оны кейін көме алмай қалуы мүмкін. Болашақта теміржол іске қосылғанда, сол маңға мал су ішуге келіп, рельске шығып кетіп, қауіп төндіруі ықтимал. Осы мәселелер ескерілсе дейміз. Жобаға қарсы емеспіз, батыс пен оңтүстікке бағыт ашылып жатыр, сіздерге алғыс айтамыз. Бірақ осы айтылған кемшіліктер назарға алынса екен. Сонымен қатар, Шалқиядағы мердігер ұйымға ризашылығымызды айтқымыз келеді. Олар карьерден тасымалдауды тек бір жолмен жүргізуде. Бір жол салып, шаң-тозаң шығармай жұмыс істеп жатыр. Ал екінші жаққа қарасақ, жүру мүмкін емес – бір жолдың үстінен екінші жол салғандай. Карьерден дамбаға дейін бірнеше жол салынып тастағанға ұқсайды.</p> <p>- Асан деген жігіт, сіздердің жалға алушыларыңыз, 60 км жерден су алған.</p>	<p>"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ – Қарсақбаев Б.С.:</p> <p>- Бірінші сұрағыңыз бойынша: су мәселесіне тоқталсақ. Құрылыс басталғанда технология бойынша су құю міндетті. Сонымен қатар, жолды шаң басудан қорғау жұмыстары бар. Жобада жеке ұңғымадан су алу көрсетілмеген. Ұлытау облысында 10 км радиусы, Қарағанды облысында 15 км радиусы ішінде суды тасымалдау құны енгізілген. Суды кейде өзендерден алады, кейде қазылған карьердің суын пайдаланады. Ұңғыма жобада қарастырылмаған.</p> <p>- Тапсырыс беруші ретінде, мердігер ұйымның сметалық құжатында су құны мен суды орташа 15 км қашықтықтан тасымалдау шығыны есептелген. Мысалы, бас мердігердің «Integra Construction» 10–15 мердігері бар. Біреуінің жанында өзен болуы мүмкін, кейде 1–2 км жерде су көзі болады. Кейбіреулеріне 15–20 км жерден тасымалдау қажет болады. Келесі сұраққа тоқталсақ: бір ұйым өзіне тасымалдау жолын жасап алған дедіңіз. Құрылыс аяқталғаннан кейін келісімшартқа сәйкес барлық салынған жолдарға рекультивация жасалады. Карьерлер де қалпына келтіріледі.</p> <p>- Өзен – халыққа тиесілі. Рұқсат берілген жағдайда өзеннен су алуға болады. Келесі жылы су көп алынбайды. Егер биыл 90% алған болса, келесі жылы олай болмайды.</p> <p>«Integra Construction» ЖШС-нің өкілі – Оспанов О.Т.</p> <p>- «Мен «Integra Construction» ЖШС менеджерімін, топырақ үйіндісіне (насып) жауаптымын. Геологиялық барлау кезінде мердігер ұйымдарды жалдаған болатынбыз.. Зерттеу нәтижесінде Қаражал өңірінде ең сапалы топырақ шыққан жер – Майтөбе аймағы болды. «Қаражал-2» карьеріндегі топырақ – қиыршық тасты (щербенистый грунт), ол жарамсыз болып шықты. Сондықтан Майтөбені пайдаланып, тау төбесінен аламыз. Себебі басқа ешбір жерде сапалы топырақ табылмады.</p>	Ескерту алынды

	<p>Платинадағы судың жартысын алған. Суды тоқтаттық. Ол кісі: «Теміржол бойында 3–4 жерде ұңғымалардан су аламыз» деген еді.</p> <p>- Өзендерден су алуға кім рұқсат береді? Өзен суы тартылып қалмай ма? Халық сол өзеннің суын пайдаланып отыр. Біз шөлейтті жерде тұрамыз. Келесі жылы да құрылыс жалғасады, су көп кетеді. Мен Бұрын Бейнеу теміржолында жұмыс істегенмін.</p> <p>- Жақсы, түсінікті. Неге 2-ші, 3-ші горизонттан алмай, төбесінен аласыздар?</p> <p>- Төбенің бәрін алып тастайсыздар ма? Олай болмайды. Ол – халыққа тиесілі жер. Төбені алып тастағанда жан-жағындағы жағдай не болады? Жұрт ол жерге демалуға да барады. Етегінде бұрыннан карьер бар. Жол салуға арналған карьерді алдын ала ашу керек еді. Басқа жерден карьер қарастырған дұрыс.</p>	<p>- Астыңғы горизонттарда топырақ емес, жартас шығып жатыр.</p> <p>- Сәл қателесіп отырсыз. Жұмыс басталмай тұрып біз ол карьерге барғанбыз. Басқа жерлерде сапалы топырақ шықпай отыр.</p>	
2	<p>Қаражал қаласының тұрғыны:</p> <p>- Мысалы, жұмыстарды бастамас бұрын сіздерде лицензия болуы керек. Жер иелену заңнамасының 12 және 24-баптарына сәйкес, лицензиясыз жұмыс жүргізуге болмайды. Сіздерде лицензия жоқ. Екінші мәселе: Экологиялық кодекстің 27-бабы бойынша айыппұл салынуы керек. Әкімшілік кодекстің 139-бабына сәйкес те айыппұл көзделген. Сүлейменов С. мырза осы мәселені көтеріп отыр.</p> <p>- Жақсы. Лицензияларыңыз бар ма?</p> <p>- Карьерге лицензия бар ма?</p>	<p>«Integra Construction» ЖШС-нің өкілі – Оспанов О.Т.</p> <p>- Біз — құрылыс мердігер мекемесіміз. Лицензиясы бар геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін ұйымдарды жалдаймыз. Трасса астын бұрғылайтындар - бөлек, карьер бойынша жұмыс істейтіндер - бөлек. Олар өздерінің барлау жұмыстарын жүргізді. Әр жерден керн алып, зерттеу жасалды.</p> <p>- Әрине, бар.</p> <p>- Карьерге жеке лицензия берілмейді. Лицензия тек барлау жұмыстарына болады. Біздің мекемеде құрылыс жүргізуге лицензия бар. Ұлытау облысының жер ресурстар бөлімінен алынған, координаттары көрсетілген, жер учаскесін пайдалануға берілген актіміз бар.</p>	<p>қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ</p>
3	<p>Қоғамдық кеңесінің мүшесі – Сулейменов С:</p> <p>- Жақсы, онда комиссия құрып, Майтөбеге барайық. Сондай-ақ, скотомогильниктің жанынан карьер ашу мәселесі бар ма — соны көрейік. Төбені бұзбай, 2–3-ші горизонттан алыңыздар деп отырмыз. Экология департаментін шақырып, толық тексеріс жүргізейік.</p> <p>Қаражал қаласының әкімінің орынбасары - Оспанбекова Д.:</p> <p>- Экология департаменті қатысып отыр ма? Жауап бере алады ма?</p>	<p>«Poligram» ЖШС-өкілі – Кисманова А.:</p> <p>- Иә, қатысып отыр.</p>	<p>қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ</p>
4	<p>Қаражал қаласының тұрғыны:</p> <p>- Экологияға қатысты айтайын: құрылыс ұйымында су алу немесе карьерден материал алу бойынша өз бетінше рұқсат қағазы болмайды. Бұл кісілерге нақты белгіленген нүктелер ғана берілген, тек сол жерлерден алуға рұқсат етіледі. Кез келген өздеріне ыңғайлы жерден алуға құқығы жоқ. Жасалып</p>	<p>"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ – Қарсақбаев Б.С.:</p> <p>- Жоба барлық нормативтерге сәйкес әзірленіп жатыр.</p> <p>ГИП ТОО "KSD Engineering" - Абилов Азамат:</p> <p>- Жобада 5 бекет, 16 разъезд қарастырылған. Өрт сөндіру тобы Ақтау</p>	<p>қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ</p>

	<p>жатқан мемлекеттік іс-шаралардың бәрі — халық үшін. «Үкімет бөлек, халық бөлек» деген түсінік болмауы керек. Халық болмаса, үкімет те болмайды.</p> <p>Су мәселесі — өзекті. Күзде табиғи жағдайларға байланысты су азаяды, көктемде қайта көбейеді. Бірақ кейде тұнба су азайып кетуі мүмкін. Оның қайта орнына келуі қиын. Мұны бақылауға алу керек.</p> <p>Үшінші жағдай: кей жобаларда алыс жерлерден су таситын автоцистерналар пайдалану қажет. Жоба жасалмайынша қаржы бөлінбейді. Нақты сұрақ қою қажет. Теміржол басшысына сұрақ: 100 шақырымнан кейін — шөлейт аймақ. Ылғал өте аз. Сондықтан дала өрттері жиі болады. Статистика бойынша өрттің 50%-ы тепловоздардан туындайды. Жоба жасау барысында бұл мәселе ескерілді ме? Әр бекетте уақытша суаратын өрт сөндіру бөлімшелері қарастырылды ма?</p> <p>Алдыңғы азаматтардың сұрақтары орынды. Жобаға біз сараптама жүргізе алмаймыз, түсіне де бермейміз. Бірақ тепловоздар жүрген кезде өрт қауіпсіздігі міндетті түрде қарастырылуы тиіс. Ол ескерілді ме екен?</p>	<p>бекетінде қарастырылған. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтеді, сондықтан бәрі мерзімінен бұрын ескеріледі. Тиісті органдармен келісу жұмыстары жүргізілуде. Экспертиза кезінде барлық техникалық және құрылыс нормалары тексеріледі. Бюджет қаражаты да толық қадағаланады.</p>	
5	<p>Қаражал қаласының тұрғыны:</p> <p>- Географиялық жағынан — шөлейт аймақ. Мемлекеттік талап бойынша белгілі арақашықтықта өрт сөндіру депосы болуы тиіс. Мысалы, Ақмола немесе Жетісу облысындағы нормаларды алып келсек — бұл үлкен қателік. Аймақ ерекшелігіне сәйкес есептелуі керек. Мысалы, Ақтау 60 км жерде орналасқан. Біздің өңірде де өрт сөндіру депосы болса дейміз. Барлығы ескерілсе жақсы. Бұл — ұсыныс. Халықпен келісіп жасалған жұмыс қана нәтижелі болады Барлығын келісіп жасасақ дейміз. Рахмет.</p>	<p>ГИП ТОО “KSD Engineering” - Абилов Азамат:</p> <p>- Ұсынысыңыз қабылданды.</p>	Ұсыныс
6	<p>«Атамекен» фермерлік қожалық иеленушісі – Сагиндиқов Ерген:</p> <p>- Жеріміз Ақтау ауылдық округіне, Жаңаарқа ауданына қарайды. Ақтау әкімдігімен кездесіп, мәселерімізді айттық. Заң бойынша, «Атамекен» фермерлік қожалығы мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ арасында келісімшарт жасалуы керек. Бірақ жасалған жоқ. Жер учаскесінің жария сервитуты — жоқ. Жер учаскесінің сызбасы да берілмеген. Теміржол менің жолымнан өтеді деген хабарлама да берілген жоқ — ауызша да, ресми де. Жүретін жолдың жартысы кесіліп, малым шөпсіз қалды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен құрылыс дирекциясына хат жолдадым, бірақ жауап жоқ. Екіншіден, өз жайлауымда еркін жүре алмай отырмын. Заңды білесіздер. Егер бәрін келісіммен жасайтын болсақ, мен</p>	<p>ГИП ТОО “KSD Engineering” - Абилов Азамат:</p> <p>- Сіз айтып отырған жердің үстінен трасса өтетіні рас. Бұл трасса «ҚТЖ» АҚ және тиісті инстанциялар тарапынан алдын ала мақұлданған.</p> <p>- Сіз жіберген хатқа жауап берілді деп ойлаймын. Бірақ «ҚТЖ» неге жауап бермеді — ол менің құзыретіме кірмейді.</p>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

	<p>қарсы емеспін. Президенттің тапсырмасы — халық үшін. Сонымен, осы мәселелерді екіжақты келісіммен шешейік.</p> <p>Менің жалға алып отырған жерімнің үстінде де карьер ашылған. Инертті материалдар алынып жатыр. Оған лицензия керек. Менің хаттарыма жауап болмады.</p> <p>Үкімет тапсырма бергенімен, заң бәрімізге ортақ.</p> <p>- Бізбен неге келістірілмеді?</p>		
7	<p>Қаражал қаласының тұрғыны:</p> <p>- Переезд қарастырылған ба?</p> <p>- Біз қоғамдық тыңдауда отырғанымыз — жобада өзгерістер болуы мүмкін екенін білдіреді. Заңдарға да өзгеріс енгізіледі — халық қажетіне қарай. Ерген мырзаның мәселесі: жайлауына жете алмай отыр. Мал жолдары кесілген. Өтемақы мәселесі қалай есептеледі? Шаруашылығы — мемлекетке үлес қосып отырған іс. Сондықтан өткелдер қолжетімді жерде болуы тиіс. Жерасты, жерүсті өткелдер қажет — бәрі ескерілуі керек. Өтпейтін орындар, қажетсіз өткелдер де болуы мүмкін. Министрлік, «Охотзоопром», 5–6 облыс әкімдігі бірге жиналыс өткіздік. Киіктер миграция жолынан айырылып, қырылып қалды. Сіздерге тапсырмалар берілгенін білемін. Жоба халық үшін жасалса — дұрыс. Халық жақсы болса, мемлекет те жақсы болады. Айтылған ұсыныстар ескерілді ме? Дәл қазір айтпасаныздар да, жоспарға енгізіледі деп айтуға болады.</p>	<p>ГИП ТОО “KSD Engineering” - Абилов Азамат:</p> <p>- Жоба бойынша 24 переезд, 58 көпір қарастырылған. Қыста еріген суларға арналған 108 өткізгіш (дренаж) бар.</p> <p>"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ – Қарсақбаев Б.С.:</p> <p>- Ерген мырзаны маусымда көріскен болатынбыз. Мал айдайтын қосымша өткелдерді енгізіп жатырмыз. 18 шілдеден бастап Мойынты, Қызылтау, Ақтау, Қаражал, Түгіскен, Қызылжар ауылдарының әкімдерімен кездестік. Мал бағатын азаматтармен бірге картадан төрт түлік өтетін жерлерді белгіледік. Барлық әкімдер келісім беріп қол қойды. Ерген мырза басқа мәселені айтып отыр — теміржол іргесіндегі биік үйінді кесірінен шөп шабатын жеріне жете алмай қалғанын. Мемлекеттік қажеттілікке жер алу мүмкіндігі бар. Қанша гектар алынса — орнына жер беріледі. Киік мәселесі бойынша: «Охотзоопром», орман шаруашылығы инспекциясы, биоресурстар қауымдастығы және жобалаушылар жасаған жиналыста 13 өткел қажет деп шешті. Ұлытау облысында теміржол 175 км өтеді. Киік өткелдері 79–82 км, 84–87 км, 106–109 км, 116–119 км және басқа бөліктерде белгіленді.</p>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
8	<p>«Атамекен» фермерлік қожалық иеленушісі – Сагиндиқов Ерген:</p> <p>- Кешірім өтінемін, бірақ жауаптарыңызға қанағаттанбадым. Сіз әкімшілікпен келістік деп отырсыз. Заң бойынша, трасса өтетін қожалықтарға міндетті түрде хабарлама берілуі керек. Мен шетте қалып қойған секілдімін...</p>	<p>ГИП ТОО “KSD Engineering” - Абилов Азамат:</p> <p>- КТЖ өкілі Қанат мырзамен байланыста болғандарыңызды айттыңыз. Жер рәсімдеу жұмыстары 1–2 айда бітетін процесс емес. Мердігер ұйымдар Қарағанды және Ұлытау облыстарында жер тіркеу кезінде трасса бойымен 30 метр оң, 30 метр сол жақ координаттарды анықтап, қай жер бос, қай жерде қожалық бар екенін қарайды.</p> <p>"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ – Қарсақбаев Б.С.:</p> <p>- Қарағанды және Ұлытау облыстарында қаулы бар. Осы жерлер бізге резервке қойылған. Тіркеу жұмыстары жүріп жатыр. Тіркелгеннен кейін барлық ақпарат автоматты түрде шығады. Қажет болса, протоколды көрсетемін.</p>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

9	<p>Қаражал қаласының әкімінің орынбасары: Оспанбекова Д.</p> <p>- Жобаға қатысы жоқ сұрақ. Бұл жеке мәселені тыңдалымнан кейін талқылап, шешімге келерміз. Жоба бойынша экология немесе табиғатқа қатысты сұрақтарыңыз бар ма? Айтылған ескертулер назарға алынсын. Сұрақтар болмаса, қоғамдық тыңдалымды өтті деп есептеп, жабық деп жариялаймыз.</p>	<p>"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ – Қарсақбаев Б.С.:</p> <p>- Жақсы. Назарға алынды.</p>	
---	--	---	--


15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар ұсыныстар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Оспанбекова Д.Ж. Қаражал қаласы
әкімінің орынбасары, А.Д.И.Ф., 18.11.2025ж.
 (өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Ермекул А. 
ТОО "Poligran" 18.11.2025ж.
 (өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

**Мойынты–Қызылжар темір жол желісін салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы
есепке қатысты ескертулер мен ұсыныстардың
жиынтық кестесі****

Жиынтық кестенің жасалған күні: 18.11.2025 ж.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстары:

№	Мүдделі мемлекеттік мекеме	Пікірлер мен ұсыныстар	Түсініктеме немесе ұсыныс қалай ескерілгені немесе түсініктеме немесе ұсыныстың ескерілмеу себептері туралы ақпарат
1	Экологиялық реттеу және бақылау комитеті	<p>1. Жобаланатын объектінің орналасуы және оның тұрғын аймаққа ықпал ету көздері, жел өрнегі (роза ветров), объектінің санитариялық-қорғау аймағы туралы ақпаратты халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес енгізу қажет. Нысанның жақын орналасқан тұрғын аймаққа дейінгі қашықтығын көрсететін карта-схеманы ұсыну талап етіледі.</p> <p>2. Объектінің орналасуын, оның су нысандарына және тұрғын құрылыс аймақтарына қатысты жағдайын көрсететін ситуациялық карта-схеманы (2020 жылғы 2 маусымдағы №130 бұйрықпен бекітілген «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының» қосымшасы 1) ұсыну қажет.</p> <p>3. Жер пайдаланушы өз қызметін жүзеге асыру барысында өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және өзге де зиянды заттармен ластанудан, сондай-ақ жердің бұзылуының басқа да түрлерінен қорғауға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізуге міндетті. Сонымен бірге, бүлінген жерлерді қалпына келтіру (рекультивация) жөніндегі шаралар атқарылуы тиіс (Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 140-бабы)</p> <p>4. Автомобиль жолының осы учаскесінде қоршау салудан, оның ішінде жолақтар арасындағы бөлгіш қоршаудан (егер қарастырылса) бас тарту ұсынылады. Бұдан бөлек, жануарлардың өтуін жеңілдету үшін жол жағалауының жеке учаскелерін еңістендіру мүмкіндігін қосымша қарастыру ұсынылады, бұл олардың шоғырлануын болдырмауға көмектеседі. Миграция және төлдеу кезеңдерінде (сәуір–мамыр, қыркүйек–қазан) өту учаскелеріндегі қозғалыс жылдамдығы 60 км/сағ дейін төмендетілуі тиіс, ал кезеңдер мен нақты учаскелер қосымша бақылау арқылы нақтылануы қажет. Сондай-ақ, қараңғы уақытта автомобиль қозғалысын тоқтату мүмкіндігі қарастырылуы қажет."</p> <p>5. Газ-, мұнай-, конденсат құбырларының теміржол және су өткелдерімен, автомобиль</p>	<p>1. Аталған ақпарат жобада толықтырылып, нысанның орналасу картасы және жақын орналасқан тұрғын аймаққа дейінгі қашықтық көрсетілген схема 10-қосымшада ұсынылған.</p> <p>2. Ситуациялық карта-схема әзірленіп, көрсетілген талаптарға сәйкес қосымша ретінде 11-қосымшада енгізілді.</p> <p>3. 10-бөлімнің 10.3-10.6-тармақтарында, 128-131-беттерде, 10.6-тармақта көрсетілген. 1-бөлімнің 1.7-тармағының 1.7.3-1.7.6-тармақтарында 68-74 беттерде көрсетілген.</p> <p>4. Нормативтік талаптарға сәйкес қоршаулар мен (экодуктер) сайғақ өткелдерінің алдында тиісті белгілер орнатылады. Сонымен қатар, жергілікті нұсқаулықтарға сәйкес пайдалану кезеңінде миграция уақытында жылдамдықты төмендету туралы уақытша бұйрық шығарылады. Аталған ұсынымдар жобалық шешімдерді одан әрі пысықтау барысында ескерілетін болады. Деталды жобалау сатысында және экологиялық сүйемелдеу кезеңінде миграцияның маусымдылығын және жолдың әлеуетті қауіпті учаскелерін нақтылау үшін қосымша бақылаулар жүргізу жоспарлануда. ТЭН (ТЭО) тек тұжырымдамалық шешімдерді, экономикалық есептеулерді</p>

		<p>жолдарымен, сайлармен және өзге де табиғи кедергілермен қиылысу нүктелерінде, бұрылыстарда, адамдар шоғырлануы ықтимал аймақтарда, сондай-ақ аталған құбырлардың технологиялық тораптарында тиісті қауіпсіздік белгілері мен жазбалар орнатылуы тиіс. Осы орындарға қатысты жоба құрамында п.14, 401-бап талаптарына сәйкес төгінділер мен ағулардың туындау қаупін болдырмайтын немесе төмендететін қосымша іс-шаралар қарастырылуы қажет.</p> <p>6. Технологиялық процестердің сипаттамасын, олардың нәтижесінде атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарылатынын, төгінділердің болуын көрсету қажет. Ластаушы заттардың тізімі және олардың көлемдері ұсынылуы тиіс.</p> <p>7. Технологиялық процестің әр кезеңіндегі сандық және сапалық сипаттамаларды көрсете отырып, толық сипаттама беру қажет.</p> <p>8. Құрылыс және пайдалану кезеңдеріне жеке-жеке бөлініп, әрбір көз бойынша (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) шығарындылар көлемін көрсету міндетті</p> <p>9. Кодекстің 381-бабына сәйкес, қалдықтардың пайда болуы көзделген ғимараттар, құрылыстар және өзге де объектілерді жобалау кезінде уәкілетті орган бекіткен қалдықтарды басқару саласындағы талаптарға сай қалдықтарды жинау алаңдары міндетті түрде көзделуі тиіс.</p> <p>10. Есепке сәйкес, келесі нысандардың құрылысы жоспарланған: 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станциялары (қоректендіру пункттері); өзін өзі көтеретін оқшауланған СИП-3 өткізгіштерімен 10 кВ әуе желілері; «110-4Н» схемасы бойынша 110/10 кВ трансформаторлық қосалқы станциясы (Қаражар-2 бекеті); 220/35/10 кВ қосалқы станциясынан екі тізбекті 110 кВ әуе желілері. Аталған инфрақұрылым бойынша техникалық сипаттамаларды қосу қажет.</p> <p>11. Жұмыс аймағында және оның маңында сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың көші-қон жолдарының болуы туралы ақпарат ұсынылмаған..</p>	<p>және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы тәсілдерін анықтайды.</p> <p>5. ТЭН сатысы үшін осы талаптар өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары түрінде ескеріледі. Тиісті қауіпсіздік белгілерін орналастыруға, сондай-ақ көрсетілген орындарда шығарындылар, төгілулер мен төгілулер қаупін болдырмау немесе азайту жөніндегі қосымша іс-шараларды әзірлеуге байланысты егжей-тегжейлі шешімдер Кодекстің 401-бабының 14-тармағына сәйкес жұмыс жобалау құжаттамасын әзірлеу сатысында көзделетін және пысықталатын болады. ТЭН тек тұжырымдамалық шешімдерді, экономикалық есептерді және қауіпсіздіктің жалпы тәсілдерін айқындайды.</p> <p>6. 1-бөлімнің 1.6-тармағында, 38-41-беттерде ұсынылған. Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың тізбесі 5-бөлімнің 5.2-тармағында 102-112 беттерінде келтірілген.</p> <p>7. 1-бөлімнің 1.6-тармағында, 38-41-беттерде ұсынылған.</p> <p>8. 1-бөлімнің 1.6-тармағында, 38-39-беттерде ұсынылған.</p> <p>9. 1-бөлімнің 1.7-тармағының 1.7.3-тармақшасында, 68-69-беттерде көрсетілген.</p> <p>10. Техникалық сипаттамалар 1-бөлімнің 1.3-тармағына қосылды, 32-37 б.</p> <p>11. 4-бөлімнің 4.7-тармағында, 97-99-беттерде ұсынылған</p>
2	<p>Ұлытау облысы бойынша Экология департаменті ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық</p>	<p>1. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары көздері көрсетілген объектінің карта-схемасы, сондай-ақ селителік аумақтар, демалыс орындары, қорықтар, мұражайлар, архитектуралық ескерткіштер, санаторийлер, демалыс үйлері белгіленген ситуациялық карта-схема ұсынылмаған (10.03.2021 ж. №63 бұйрық бойынша 6.2, 6.3-тармақтар талаптары).</p>	<p>1. 12-қосымшада ұсынылған 2. 13-қосымшада ұсынылған 3. 1-бөлімнің 1.1-тармағының 1.1.2-тармақшасында, 15-бетте ұсынылған 4. 9-бөлімде, 122-124 беттерде берілген 5. 9-бөлімде, 122-124 беттерде</p>

<p>реттеу және бақылау комитеті</p>	<p>2. Бқтимал әсерлер туралы есеп материалдарына қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (НМУ) кезіндегі есептеулер енгізілмеген. 2022 жылғы 16 мамырдағы №168 бұйрыққа сәйкес, НМУ жағдайында жер үсті қабатында ластаушы заттардың максималды концентрациясы қалыптасатындықтан, есептеулер міндетті болып табылады. Бұл деректердің болмауы әсер ету аймағын дәл бағалауға мүмкіндік бермейді.</p> <p>3. Бқтимал әсерлер туралы есебінде «Есеп жасалған сәттегі қоршаған ортаның базалық жағдайы» бөлімі берілмеген (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі No 280 бұйрығымен (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілген «Экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа» 2-қосымшаның 1-тармағы 2-тармақшасының талаптарын ескере отырып).</p> <p>4. Бқтимал әсерлер туралы есеп материалында авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау ықтималдығын анықтау, олардың қоршаған ортаға әсері және оларды болдырмау шаралары көрсетілген бөлімдер толық ашылмаған (Қосымша 2, 11-тармақтың 1–8 тармақшалары).</p> <p>5. Экологиялық кодекстің 362-бабына сәйкес ірі экологиялық апаттардың алдын алу бойынша шаралар ОВВ-да көрсетілмеген.</p> <p>6. Бқтимал әсерлер туралы есебінде ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 53-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес техника, жабдық және материалдардың қауіпсіздік нормаларына сай болуы, ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіз күйде ұсталуы туралы ақпарат берілмеген.</p> <p>7. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі No 280 бұйрығымен (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілген «Қоршаған ортаны бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа» 2-қосымшаның 1-тармағы 1-тармақшасының талаптарын ескере отырып, Бқтимал әсерлер туралы есебінде «Жоспарланған қызметтің болжамды орналасуының сипаттамасы, оның координаталары географиялық ақпараттық жүйеге сәйкес анықталған векторлық файлдармен» бөлімі жоқ.</p> <p>8. Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 7-тармағының талаптарын ескере отырып, «Жоспарланған қызметтің осы қосымшаның 6-тармағында санамаланған объектілерге ықтимал елеулі әсерлерін (тікелей және жанама, кумулятивтік, трансшекаралық, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді, оң және теріс) сипаттау» бөлімін ВҚС қамтымайған.</p> <p>9. Бқтимал әсерлер туралы есебінде Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 19 және 20-тармақтарының талаптарын ескере отырып, «Қоршаған ортаға әсерді бағалауға қатысуына байланысты мүдделі жұртшылықты хабардар ету</p>	<p>берілген</p> <p>6. 1-бөлімнің 1.3-тармағында көрсетілген. 23-24 беттерінде</p> <p>7. 1-бөлімнің 1.1-тармағында көрсетілген. 8-бетте.</p> <p>8. 5-бөлімде, 100-бетте ұсынылған</p> <p>9. Ақпараттың техникалық емес қысқаша мазмұны 140-бетте берілген.</p> <p>10. 1-бөлімнің 1.7-тармағында көрсетілген. 74-77 беттер</p> <p>11. Представлена в разделе 1, п.1.6. пп.1.6.3.1-1.6.3.2, на стр. 50-51</p>
-------------------------------------	---	--

		<p>мақсатында осы қосымшаның 1-17-тармақтарында көрсетілген ақпаратты жинақтайтын қысқаша техникалық емес қорытынды» және «Қысқаша техникалық емес қорытынды» бөлімдері көрсетілмеген.</p> <p>10. Кодекстің 327-бабына сәйкес қалдықтарды басқару операциялары адамның денсаулығына, экологиялық қауіпсіздікке зиян келтірмей, келесі қауіптерге жол бермей жүргізілуі тиіс:</p> <p>1)жерүсті және жерасты суларына, атмосфералық ауаға, топыраққа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қауіпсіздік;</p> <p>2)ландшафтарға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға теріс әсерге жол бермеу.</p> <p>Қалдықтардың алдын алу бойынша иерархия қағидаттары (329-бап, 358-бап 1-тармақ) сақталуы тиіс.</p> <p>Сонымен қатар, 359-баптың 3-тармағына сәйкес, қалдықтарды орналастыру объектісінің операторы жыл сайын қоршаған ортаға әсерді мониторингтеу туралы есеп тапсыруға міндетті..</p> <p>11. Рекультивация жұмыстарын кезең-кезеңімен (технологиялық, биологиялық) және белгіленген мерзімдермен орындау қажет. 238-бапқа сәйкес, бүлінген топырақ қабатын қалпына келтіру және аумақты бастапқы немесе баламалы пайдалануға жарамды ету, мелиорация кезеңін қоса алғанда, міндетті болып табылады.</p>	
--	--	---	--

Халықтан ешқандай ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Ашық нысанда қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Қоғамдық тыңдаулардың қатысушыларын тіркеу – Уақыты: 16:00. Күні: 17.11.2025 жыл.

Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы. - Уақыты: 15:45. Күні: 17.11.2025 жыл

Жиналысқа қатысушылардың саны – 33 адам (29 жеке, 4 онлайн қатысушы)

Баяндамашының сөз сөйлеуі: Баяндамашы: Кисманова А. «Poligram» ЖШС-өкілі.

Баяндамашының сөйлеу уақыты – 10-15 минут.

Ұсыныстар, сұрақтар негізгі баяндаманы тыңдағаннан кейін талқыланады.

Баяндамаларды талқылау: барлық мүдделі тараптар сұрақтар қойып, өз пікірлерін айта алады.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарын талқылау үшін 5 минуттан аспайтын уақытқа жол беріледі.

Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді.

Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау – Уақыты: 17:20, Күні: 17.11.2025 жыл.

Өтетін орны - Ұлытау облысы, Қаражал Г. А., Қаражал к., Абай к-сі, 10 үй. мәдени-демалыс орталығының ғимараты.

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25040762001, Дата: 07/10/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: область Ұлытау, Каражал Г.А., г.Каражал

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Железнодорожный участок Мойынты - Кызылжар расположен в Шетском районе Карагандинской области и Жанааркинском районе Улытауской области. Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtOWjdtlzHkmQoqFvPG.1> Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к технико-экономическому обоснованию "Строительство железнодорожной линии Мойынты-Кызылжар"

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Ұлытау, Каражал Г.А., г.Каражал, ул. Абая, д.10. здание Культурно-досугового центра, 17/11/2025 16:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (213 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Улытау/Қазыналы өңір/аналог; телеканал "Улытау"/аналог

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

область Ұлытау, Каражал Г.А., г.Каражал, ул. Абая, д.10.

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ" (БИН: 130541020013), +77029899921, kissikova_a@railways.kz,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Poligram"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25040762001, Дата: 08/10/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25040762001, от 07/10/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к технико-экономическому обоснованию "Строительство железнодорожной линии Мойынты-Кызылжар", в предлагаемую Вами 17/11/2025 16:00, область Ұлытау, Каражал Г.А., г.Каражал, ул. Абая, д.10. здание Культурно-досугового центра(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ" (БИН: 130541020013), +77029899921, kissikova_a@railways.kz,

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Poligram"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

17.11.2025 жылы сағат 16:00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Абай көшесі, 10-үй, мәдени-демалыс орталығының ғимараты.
"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес "Мойынты-Қызылжар теміржол желісінің құрылысы" техникалық-экономикалық негіздемесіне ықтимал әсерлер туралы есеп.

№ п/п	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Сатақов Марат	Қазіргерлік өкілі	8777 0062877	жеке	
2	Забаров РВ	жестікелі иелесі	87054462286	жеке	
3	Ермекули А	хатша	87473507807	жеке	
4	Оспанов О.Т.	Integra Construction	87716227144	жеке	
5	Асыллов А.К.	КСОЕ проект	87056041024	ниесе	
6	Карсақбаев Б.С.	КТЖ	87015883135	жеке	
7	Абсалимов АБ	«КТЖ»		жеке	
8	Смагулов ДМ	КТЖ		жеке	
9	Мауленов М.Д.	Деканат	87059833222	жеке	
10	Жанібайев А	Деканат	87711956977	жеке	
11	Саткенов Д.І.	Қ/Х, Абайқалың	87021460280	жеке	
12	Сағибаев Б.К.	Қ/Х Текарис	8-7771429137	жеке	
13	Занюк И.С.	жестікелі қорға		миңкө	Занюк
14	Макеева, О.С.	пенсиякер		миңкө	Макеева
15	Әліпбай А.У.	өз білеті болса ба, дүр. орабса		жеке	
16	Мұсағалиұлы Т.А.	иелесі		жеке	
17	Бегматов Д.Б.	иелесі	87472853225	жеке	

№ п/п	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
30	Ахметова Адия Уланқызы	Улытау облысы бойынша экология департаментінің реттеу бөлімінің басшысы		конференциялық байланыс арқылы	
31	Аукарова Азиза	"Қазақстан темір жолы "ҰК" АҚ-ның өкілі		конференциялық байланыс арқылы	
32	Уразбаева Газиза Амангельдиевна	«Poligram» ЖШС- өкілі		конференциялық байланыс арқылы	
33	Калманова Г.Т.	«Poligram» ЖШС- өкілі		конференциялық байланыс арқылы	



Наш сайт: <https://news20.kz/>

ЕЗКАЗГАНСКИЙ ЕСТИЖИК

12+

ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ № 74 (712). Пятница, 17 октября 2025 года.

РАЗВИТИЕ РЕГИОНА

АКИМ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ ОТЧИТАЛСЯ НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА



2
СТР.

19 ОКТЯБРЯ — ДЕНЬ СПАСАТЕЛЯ

БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЯМ — УВЕРЕННОСТЬ В БУДУЩЕМ



5
СТР.

19 ОКТЯБРЯ — ДЕНЬ СПАСАТЕЛЯ

ОДИН ДЕНЬ СО СПАСАТЕЛЕМ: ИЗНУТРИ О РАБОТЕ ГЕРОЕВ ДЧС



4
СТР.

РАЗВИТИЕ РЕГИОНА

ПЕРЕЕЗД В ОБЛАСТЬ ҰЛЫТАУ: КАК РАБОТАЕТ ПРОГРАММА ПЕРЕСЕЛЕНИЯ И КТО МОЖЕТ СТАТЬ ЕЕ УЧАСТНИКОМ



7
СТР.

АКИМ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ ОТЧИТАЛСЯ НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА

Аким области Дастан Рыспеков выступил с докладом на заседании Правительства, представив итоги социально-экономического развития региона за 9 месяцев 2025 года.

Как отметил глава региона, за отчетный период в экономике области наблюдается стабильный рост. Так, ввод в эксплуатацию жилья увеличился на 24,6%, и этот показатель является одним из лучших в стране. Кроме того, рост зафиксирован в сферах транспорта и складирования – на 22,9%, строительства – на 9,3%, торговли – на 4,6%, а также инвестиций – на 1%.

В текущем году введены в эксплуатацию 4 крупных проекта общей стоимостью 28,5 млрд тенге,

а также реализуются 16 инвестиционных проектов на сумму 138 млрд тенге, в результате чего будет создано 2 200 новых рабочих мест. В городе Сатпаеве формируется индустриальная зона республиканского значения, где уже начата реализация трех проектов на сумму 13 млрд тенге.

В сфере сельского хозяйства при поддержке Правительства и профильного министерства реализуются 11 проектов на сумму 8 млрд тенге. Кроме того, в рамках проекта «Семейная ферма» в сельских округах приобретено более 13 тысяч голов мелкого рогатого скота.

Также отмечен значительный прогресс в направлениях туризма и транспортно-логистической инфраструктуры. Объем инвестиций в сферу туризма увеличился в 7 раз по сравнению с прошлым годом и достиг 1,9 млрд тенге. В

2025 году регион посетили свыше 14 тысяч туристов, из них 600 – иностранные гости.

Реализуется ряд масштабных проектов по развитию дорожной и железнодорожной инфраструктуры, в том числе: реконструкция автодороги Жезказган – Кызылорда, ремонт направлений Улытау – Аркалык и Жезказган – Караганда, строительство железнодорожной линии Кызылжар – Мойынты протяженностью 316 км.

В завершение своего выступления аким подчеркнул, что социально-экономическое развитие области находится на постоянном контроле, а повышение инвестиционного и производственного потенциала региона является одним из приоритетных направлений в работе областного акимата.

ИСТОЧНИК: ПРЕСС-СЛУЖБА АКИМА ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ.

ДИАЛОГ ВЛАСТИ И БИЗНЕСА

В здании филиала партии Amanat в области Ұлытау состоялась встреча предпринимателей Жезказгана с делегацией, состоящей из членов Правительства Республики Казахстан. Основной целью мероприятия стало разъяснение новой экономической политики страны, в том числе ключевых положений нового Налогового кодекса.



В мероприятии приняли участие вице-министр сельского хозяйства РК Ербол Тасжуреков, руководитель Управления администрирования налога на добавленную стоимость Комитета государственных доходов Министерства финансов РК Гульмира Смагулова, а также заместитель руководителя Управления администрирования налога на добавленную стоимость Комитета государственных доходов Министерства финансов РК Айнуур Сартаева, которая выступила с подробным докладом.

Главные изменения по налогу на добавленную стоимость (НДС)

Айнуур Сартаева остановилась на изменениях, касающихся налога на добавленную стоимость. Согласно новому Кодексу, ставка НДС на обороты и импорт составит 16%, а с 1 января 2026 года снизится до 5% (с 1 января 2027 года – до 10%).

Льготные ставки будут применяться к лекарственным средствам, медицинским изделиям и оборудованию, а также к услугам, оказываемым в сфере здравоохранения. От НДС будут освобождены поставки и услуги, связанные с гарантированным объемом бесплатной медицинской помощи и системой ОСМС, а также лечением орфанных и социально значимых заболеваний.

Кроме того, порог по НДС снижается с 78,6 млн тенге до 40 млн тенге, что, по словам докладчика, сделает систему налогообложения более гибкой и прозрачной для

малого и среднего бизнеса.

Налогообложение физических лиц

Особое внимание на встрече было уделено вопросам, касающимся физических лиц. Среди нововведений:

- освобождение пенсионных выплат от подоходного налога;
- введение пониженных коэффициентов к налогу на транспорт, в зависимости от срока эксплуатации автомобиля (от 10 до 20 лет – 0,7; свыше 20 лет – 0,5);
- увеличение социальной налоговой льготы для лиц с инвалидностью I и II группы с 82 МРП до 5 000 МРП;
- повышение ставок налога на имущество для объектов недвижимости совокупной стоимостью более 450 млн тенге;
- введение акцизов в размере 10% на импорт и продажу предметов роскоши: автомобилей дороже 75 млн тенге, яхт и летательных аппаратов стоимостью свыше 100 млн тенге, а также дорогостоящего алкоголя и табачных изделий.

После доклада участники встречи получили возможность задать представителям министерств интересующие их вопросы. Обсуждение проходило в формате открытого диалога, что позволило предпринимателям получить разъяснения из первых уст и обозначить волнующие бизнес-сообщество темы.

ДАИРБЕК РЫСКУЛОВ.

ВОСПИТАНИЕ, ДУХОВНОСТЬ И ПОДДЕРЖКА СЕМЬИ

